Түркістан облысы. Сауран ауданы.
Ескі Сауран ауылы

Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақталған жалпы орта мектебінің 2021-2022 оқу жылында тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстар.



**Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақталған жалпы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021-2022 оқу жылы барысында тәрбие САЛАСЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР**

Тәрбие – білім бастауы. Қазіргі уақытта білім беру жүйесі – болашақ ұрпақты

жан – жақты жетілдіретін, бәсекеге төтеп беруге қабілетті, сапалы адам етіп

тәрбиелейтін білім беру жүйесі екені сөзсіз. Жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзін-өзі дамытуға, өз ойын еркін айта білуге, өз қалаулары мен қоғам талабына сай, өзін көрсете білетін жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, Отандық және әлемдік мәдениетті бойында қалыптастырған, бәсекеге қабілетті, шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Тәрбие және тәрбие жұмыстары әр баланы қайталанбас тұлға ретінде қарап, оның өзгеше қасиеттерін дамытуы қажет. Әрбір бала - тұлға, өзінше бір әлем, ал әр педагогтың міндеті әр тұлғаны көре білу, жүректеріне жол табу. В. А. Сухомлинский: «Әлемде адам тұлғасынан күрделі, одан бай ешнәрсе жоқ», - деп жазған. Бүгінгі күнде барлық ұстаздардың алдындағы мақсат - өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс -әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу болып табылады. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»,-деп ұлы философ Әл-Фараби айтқандай, қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Оқушылардың білім алу барысында тәрбиенің қатар жүруі заңдылық.

Мектебімізде тәрбие жұмыстары ***«Жас ұрпақтың таным белсенділігін арттыру арқылы, ұлттық құндылықтар негізінде бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру»*** тақырыбында, Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде көрсетілген айқын сегіз бағытты қамтылған.

***Мақсаты***

1. Оқушыларды жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу;
2. Рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, XXI ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

**Сабақтан тыс қызмет шеңберінде іске асырылатын жобалар**

1. «Отбасы –орта мектеп»
2. «Оқуға құштар мектеп»
3. «Еңбек – елдің мұраты»
4. «Ерте жастан экологиялық тәрбие»

5. «Қоғамға қызмет»

6. «Пихологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру»

## Тәрбиенің Тұжырымдамалық сегіз бағыты

**1.** Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

**Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**

*Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.*

Бүгінгі ұрпақ-ертеңгі елдің болашағы. Мектебімізде қыркүйек айы «Кел, балалар, оқылық» тақырыбында салтанатты жиынмен басталды. Жиынды мектеп директоры оқушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Оқу жылының ерекшеліктерінің бірі-А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген қазақ тілінде оқитын мектептерде «Әліппе», орыс тілінде
оқитын мектептерде «Букварь» оқулықтарының қайта оралуы. 1-сынып
оқушыларына «Әліппе» оқулығын салтанатты түрде табыс етілді. Білім күніне
арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында барлық сыныпта тәрбие
сағаттары өткізілді.

Оқушылардың өмір қауіпсіздігі және жолда жүру ережелері жайлы барлық сыныптарда мектеп инспекторымен бірлескен түсіндірме жұмыстары, әңгімелер жүргізілді. Көшеден өту үшін арнайы белгіленген жермен жүрген дұрыс.

Мектепке келе жатқанда өзіңе қауіпсіз болатын жолды таңдай біл. Өткел тар болса, қарсы кездескен үлкен кісіге жол бер.Мектепке келе жатып үлкен жолдың шетімен жүр.Алдыңнан машина шықса жол бер. Тоқтап тұрған машинаның
қасынан абайлап өт. Жер тайғақ болса, жолда абайла. Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды. Келе жатқан машина алдынан жолды кесіп жүгірмеу жайлы толығымен балаларға түсіндірілген.

*«Құқықтық сана – қауымға пана»* жобасы аясында оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықты болдырмау, оның алдын

алу мақсатында «Заң және жасөспірім» тақырыбында ІІБ қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылып, кешке жүрмеу, бос уақытты тиімді пайдалану, сабақтан себепсіз қалмау т.б. жайында баяндалды.

Үлкендер жолы ұлылық, ұрпағы жүрер – ұғынып», «Қарты бардың – қазынасы бар» т.б. тақырыптарда барлық сыныптарда қарттар күніне орай тәрбие сағаттары өткізіліп, үлкендерге құрмет көрсету, сыйлау жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ұстаздар мерекесіне орай арнайы мерекелік концерттер қойылды. Оған арнайы ардагер ұстаздар мен қонақтар шақырылды. Мерейтойға осы жылдар арасында білім алған түлектер, ардагер ұстаздар бас қосып, ардагер ұстаздар мен жас мұғалімдер арасында тәлім-тәрбиге толы керемет әңгімелер мен соңы концертті бағдарламаға ұласты.





Мектеп даңқын дабылдатқан, ұстаздық даңқын асырып, мектептің абыройын тасытқан, алтын басты шәкірттерді жүздеп шығарған АРДАГЕР ҰСТАЗДАР

Қаһарман жауынгер, хас батыр, қазақ халқының біртуар азаматы Б.Момышұлының туған күнінен орай барлық сыныптарда «Ұлтына Ұран болған – Ер Бауыржан» «Қаһармен жауынгер» т.б. тақырыптарда

тәрбие сағаттары өткізіліп, өмірі, шығармашылығы, батырдың ерліктерімен оқушыларды таныстырып, нақыл сөздерін жатқа айтып, интербелсенді тақта арқылы бейнероликтер көсетіліп, Момышұлының өз дауысын тыңдады.

Оқушыларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, әдептілікке, еңбексүйгіштікке, өз халқының салт-дәстүрін үйрене отырып, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету мақсатында «Әдепті адам-әдемі адам» тәрбие сағаты өткізілді.
Сонымен қоса ауған соғысы ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырылды.



Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, қанатты сөздер мен слайд арқылы көрсетілімдер және спорттық ойындарды пайдаланған сынып жетекші, адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін оқушы бойына дарыта отырып, тіл байлығын, таным белсенділігін арттырып, балаларды әдептілікке, сыпайылыққа шақыра білді.

Мектебімізде желтоқсан айында Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерей тойы аудан көлемінде аталып өтілді. «Ұлы даланың шамшырағы» тақырыбымен іс-шара жасалынды.






Іс-шараға Сауран аудандық білім бөлімінің басшысы А.Батырбекова, Сауран аудандық кәсіподақ төрайымы Ф.Рысбекова, Сауран удандық ақсақалдар алқасының төрағасы Б.Жарылқасынов және мектеп директорлары мен әдіскерлер қатысты.



**Іс-шара барысында салтанатты жиынның ашылуы рәсімінде құттықтау сөздер айтылып Ы.Алтынсарин ескерткішіне гүл шоктары қойылды**












**2. Рухани-адамгершілік тәрбие**

*Мақсаты: Адамгершілік іс-әрекет тәжірибелік қалыптастыру, сыртқы келбетпен*

*күнделікті тұрмыс дағдыларын қалыптастыру*

Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз- алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап – мәңгілік парасаттың ең киелі ғибраты, қоғамның мәдени күштерін дамытудың қуатты құралы, қайнар бұлағы. Мәдени құндылықтарды жете түсінуді дамыту, сондай-ақ кітаптың білім таратудағы маңыздылығы мен оны сақтаудың құралы екенін айқындау. Оқырмандардың, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту, сапалы білім, саналы тәрбие алу үшін көп оқып, көп іздену керек екенін түсіндіре отырып, оларды адамгершілікке, мейірімділікке, әдептілікке тәрбиелеу, *«Оқуға құштар мектеп»* жобасын іске асыру мақсатында сабақ арасындағы 20 минуттық үзілісте оқушылардың кітап оқуы жүйелі жолға қойылған.

Жоғрғы сыныптар арасында А.Байтұрсыновтың 150 жылдығы аталып өтілді.





Сан 1

***Оқушылардың кітапханда А.Байтұрсұлының кітабын алу барысында***

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Қызыл кітап»және Д.Исабековтың шығармаларынан үзінділер қойылды.




Барлық сыныптарда, 1-Желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай «Егемен ел және Елбасы», «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы», «Егемен елдің кемеңгер тұлғасы» т.б. тақырыптарда тәрбие сағаттары өткізіліп, бейнероликтер көрсетілді.

Тілдер мерекесіне орай «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», «Тілін жоғалтқан ұлттың өзі де жоғалады», «Ұлттық қуаты тілінде, «Ахаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны» тақырыптарында тәрбие сағаттары, «Тіл білімінің атасы» тақырыбында қалалық әдеби кеш ұйымдастылып, қазақ тілі мен кітабын жазған қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, соңынан із салған жаңашыл ағартушы жайында оқушыларға толық мағлұмат берілді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай , «Тәуелсіздік -тірегім, Қазақстан – жүрегім!», «Отан – оттан да ыстық» т.б. тақырыптарда тәрбие сағаттары және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «30 игі іс» акциясы аясында «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» тақырыбында Алматы қаласында 1986 жылы орын алған Желтоқсан оқиғасына қатысушылармен кездесу ұйымдастырылды.

Алматы қаласында 1986 жылы орын алған Желтоқсан оқиғасына қатысушылармен кездесу ұйымдастырылды.
«Діни экстремизмнің алдын алу-өзекті мәселе» тақырыбында қала мешіт өкілдерімен кездесу ұйымдастырылып, оқушыларға өзге діннен аулақ болу, дін мәселесі күрделі мәселе екендігі толығымен әңгімеленді.

**3. Ұлттық тәрбие**

***Мақсаты*** Жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана тілі мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсету.

*«Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында* «Тәрбие өрмегінің алтын тілі – ұлттық тәрбие» тәрбие сағаттары, және Жамбыл облысының Жастар ресурстар орталығы ұйымдастырған «Талант-табиғаттан, талап - өзіңнен» байқау ұйымдастырылды. Байқау 9 бағыттан тұрды. Мектеп ұжымы сол байқауға жұмыла қатысып «Мақтау қағазымен» марапатталды.

8-10 сынып оқушылары, сынып жетекшілер, ата-аналар қатысып, оқушыларға ұлттық дәстүр мен әдет ғұрыптың маңыздылығы жайлы әңгімеден сыр шертті, көріністер қойылып, босаға майлау әдет-ғұрыптары көрсетіліп, ән айтылып, ұлттық ойындар ойындар, арқан тарту, асық ату, ойындары ойналды.







Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері «Ұлттық қолөнер – ұрпаққа аманат» оқушы шығармашылығынан көрме ұйымдастырып, оқушылардың шығармашылығын арттыруға ықпал жасады.

**4. Отбасы тәрбиесі**

**Мақсаты** Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

«Отбасы – қоғамның алтын діңгегі» тақырыбында өткен ата-аналар жиналысында ата-аналарға бала тәрбиесіне қатты назар аудару, мектеппен тығыз байланыста болу жайы айтылды.

Мектеп пен отбасының өзара байланысын, қарым-қатынасын нығайту,Отбасының қарым-қатынасындағы сенімділікті және сыйластықты қалыптастыру, бала тәрбиесінде әкенің рөлі ерекше екендігін түсіндіру, *«Отбасы - мектеп»* жобасы аясында әкелер мектебінің жұмысын жандандыру мақсатында «Аталар сөзі» тақырыбында әкелер конференциясы болып өтті. Конференцияға 8-11 сынып оқушылары, әкелері, ағалары, мектеп директоры, психологтар, ұстаздар қатысты.



Конференция мектеп директорының отбасындағы әке тәрбиесінің алатын орны жайындағы алғашқы сөзімен ашылды.

Әкенің бала өміріндегі рөлі зор. Жастайынан баланы еңбекке баулу – анаға қарағанда, әкенің рөлі зор. Тіпті мамандық таңдауда да, әсіресе ер балалар әкенің ақыл-кеңесіне құлақ түре отырып, өз болашақ мамандығын айқындайды. Психолог мамандар әкелермен «Өз балаңды тани біл» тренинг ойынын өткізді.

«Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз. Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз» дейді халқымыз. Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Отбасының пейіл -береке, ынтымағы үшін отағасының әділ, ұстамды болуы орасан маңызға ие. Оның тәрбиелік рөлі де зор. Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына әкенің атқарар еңбегі ерекше. Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір -шапағат көзі – әке. Әкенің бұл рөлі бала-шағаның әкеге, анаға деген сүйіспеншілігімен, қамқорлығымен, ана жанын қас-қабағынан, жанарынан танығыштықпен нығая биіктей беретінін бүгінгі

конференция арқылы әкелер «отбасының тұтқасы, тәрбие бастау алатынын түсінді.



**5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

***Мақсаты*** Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

*Ерте жастан экологиялық мәдениет жобасы аясында*: «Табиғатты таза ұстау – адамзаттың борышы» сенбілік жұмыстары ұйымдастырылып, оқушының өз сыныбы, өзі отырған парталарына тазалық жұмыстарын жүргізуге ықпал жасалып, әңгімеленді. «Ең жасыл кабинет» байқаулары барысында әр сыныпта отырғызылған гүлдерді көбейту барысында жұмыстар жүргізілді.

Қазақ халқы қашан да еңбекке аса үлкен мән беріп, бала тәрбиесінде де еңбекқорлықты маңызды санаған. *«Еңбек - елдің мұраты» жобасы аясында:* «Еңбекпен тапқан нан тәтті» барлық сыныптарда әңгіме өткізілді. Әңгіме барысында еңбек ету адамды адам ететінін жағдайы қозғалды.

**6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**

***Мақсаты*** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету



тТараз қаласының жастар ресурстар орталығының

ұйымдастырылуымен өтілген ісшараға мәдениет өкілдерімен кездесу барысында композитор, филолог мамандары, теологтар шақырылып,оқушылармен бетпе-бет сұхбат жүргізілді. Оқушыларға көркемдік эстетикалық тәрбие беру мақсатында барлық сыныптарда әңгімелер жүргізіліп, таза, сыпайы сөйлеу,әдемі жүру жайлы әңгіме қозғалды.

«Достығымыз жарасқан елміз», «Дос болайық бәріміз» тақырыбында өткізілген тәрбие сағатында оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын жақсы, бір-бірімен тату болуы жайлы толығымен түсіндірілді.

**7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

*Мақсаты* Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру

*«Ұшқыр ой алаңы»* дебат қозғалысы жобасын іске асыру жұмыстары жолға қойылып,

Сауран аудандық әкімдігінің ұйымдастырылуымен оқушылар арасында аудандық дебат болды. Оған 10 сынып оқушысы Тілеуберген Балнұр қатысып, өз шеберліктерін таныта білді.





Оқушылардың ақыл – ой өрісін жан – жақты дамыту, ана тілін сүюге адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, бабалардан қалған ұлағатты ғибрат сөздерді түсіндіріп, содан үлгі-өнеге алуға баулу, Қазақстан патриотизміне қалыптастыру мақсатында «Бүгінгі білім – ертеңгі болашақ» дөңгелек үстел ұйымдастырылып, тақырып аясында кеңінен әңгіме қозғалды, оқушылар өз ойларын, пікірлерін еркін айта білді.

**8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

***Мақсаты*** Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін қалыптастыру үшін кеңістік орнату

Оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Спорт – өмір көркі» спорттық эстафеталық ойындарұйымдастырылды оқушылар белсене қатысты.

«Денсаулық –зор байлық» тақырыбында ұйымдастырылған апталық барысында дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері Н.Әштеков.Е.Тойметов,Б.Әлжанов,Б.Иманбаевтар оқушылар арасында волейбол, баскетболдан командалық сайыстар ұйымдастырып, жеңіске жеткен командаларды марапаттады.

 

Мектеп медбикесі Ж.Юсупова «Жеке бас гигиенасын сақтау  дегенді қалай түсінеміз?» тақырыбында   әңгімелер жүргізіп, түрлі жұқпалы аурулардың алдын алу үшін таза жүру керектігі, әсіресе жеке бастық гигиенаны сақтау жөн екендігі оқушыларға түсіндірілді.
«Мен және менің отбасым» тақырыбында мектеп психологы С.Джусупова  мен  10 сынып жетекшісі Рахымбаева және АӘД пән мұғалімі  Б.Абуов   спорттық ойындардан сайыс, әскери-спорттық эстафета ұйымдастырылып, оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырды.

 

 

2022-2023 оқу жылында барлық сыныптарға бекітілген сынып жетекшілерге мектеп директорының бұйрығы шығарылған.

## Сынып жетекшілер жайлы мәлімет

| № | Сынып жетекшілердің аты -жөні | Туған жылы | Мектебі | Бітірген оқу орны және оқу түрі (күндізгі немесе сырттай) | | | сыныбы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Оқу Орны, бітірген жылы | Оқу түрі (күндізгі немесе сырттай) | Негізгі мамандығы | |
| 1 | Сабирова К | 1979 | Ы.Алтынсарин | ХҚТУ2009 | Сырттай | Баст сын мұғ, | 1 |
| 2 | Момбекова Г | 1967 | Ы.Алтынсарин | ХҚТУ-2012 | сырттай | Баст.сынып | 2 |
| 3 | Мұстафаева Г | 1993 | Ы.Алтынсарин | АӘИУ-2016 | сырттай | Баст.сынып | 3а |
| 4 | Ержігітова Г | 1964 | Ы.Алтынсарин | ШУ-2023 | сырттай | Баст, сынып | 3ә |
| 5 | Мәмбетов Б | 1972 | Ы.Алтынсарин | ХҚТУ-2004 | сырттай | Баст, сынып | 4 |
| 6 | Рахымбаева Қ | 1990 | Ы.Алтынсарин | ХҚТУ-2012 | сырттай | Орыс тілі | 5 |
| 7 | Жүсіпбекова А | 1979 | Ы.Алтынсарин | ХҚТУ-2001 | сырттай | Тарих | 6а |
| 8 | Жарылқасынова | 1984 | Ы.Алтынсарин | ШУ-2017 | сырттай | Математика | 6ә |
| 9 | Есдәулет | 1972 | Ы.Алтынсарин | АӘИУ-2019 | Сырттай | Әлеум педагогика | 7а |
| 10 | Сейітова О | 1979 | Ы.Алтынсарин | ХҚТУ-2005 | сырттай і | Қазақ тілі әдеб | 7 ә |
| 11 | Исабекова | 1966 | Ы.Алтынсарин | АӘИУ 2006 | сырттай | Тарих | 8а |
| 12 | Молдабек А | 1979 | Ы.Алтынсарин | ХҚТУ-2007 | сырттай | Қазақ тілі әдеб | 8 ә |
| 13 | Қалыбаев Н | 1991 | Ы.Алтынсарин | АӘИУ-2014 | сырттай | Еңбек | 9 |
| 14 | Ахметова Г | 1992 | Ы.Алтынсарин | ШУ- 2013 | күндізгі | Биология | 10 |
| 15 | Инкарбекова У | 1979 | Ы.Алтынсарин | ХҚАУ-2002 | сырттай | Қазақ тілі әдеб | 11 |

Мектеп директоры : Қ.Дүйсенбеков

## Сынып жетекшілердің екі жылғы мәліметі

| | 2021-2022 | 2022-2023 |
|---|---|---|
| Сынып саны | 15 | 15 |




***Мектебімізде екі жылғы оқушылар санының көрсеткіші***

| № | 2021-2022 оқу жылы | | 2022-2023 оқу жылы | |
|---|---|---|---|---|
| | Оқушы 153 | | Оқушы 155 | |
| | Ұл бала | қыз бала | ұл бала | қыз бала |
| | 80 | 73 | 80 | 75 |




**5. Мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік азаматтық-патриоттық,көркемдік-эстетикалық және дене тәрбиесін іске асыруда, уақыттарын ұйымдастыру бойынша жұмыстары**

Кәмелетке толмаған оқылар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында жүргізілген жұмыстарға талдау

| № | Мазмұны | 2018- | 2019- | 2020- | 2021- | 2022- |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ҚІБ-не есепте тұратын бала саны | - | - | - | - | - |
| 2 | Мектепішілік есепте тұратын бала саны | - | - | - | 6 | 8 |
| 3 | Ата-аналарынан бөлек тұратын бала саны (туыстарының үйінде) | - | - | - | - | - |
| 4 | Өгей әкесімен тұратын оқушы саны | - | - | - | - | - |
| 5 | Заңға тартылған бала саны | - | - | - | - | - |
| 6 | Арнаулы мектеп интернатында оқитын бала саны | - | - | - | - | - |
| 7 | Өзге дінді ұстанатын оқушылар | - | - | - | - | - |
| 8 | Бақылаусыз, қараусыз қалған бала саны | - | - | - | - | - |
| 9 | Арнайы іздеудегі бала саны | - | - | - | - | - |

***Құқықтық тәрбие – құқықтық жігер***







*Оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу* мақсатында жұмыстар мектеп инспекторымен бірлесіп, жүйелі жүргізіледі. Кәмелетке толмаған балалардың кешкі сағат 22.00-ден кейін ата-аналарынсыз жүрмеуі, әсіресе, ойын-сауық орындарына бармауы, сабақтан себепсіз қалмау, мектепке формаман келу т.б. жайлы оқушылар мен ата-аналарына түсіндірме жұмыстары жүргізілген. ұқық пән мұғалімі Ж.Айнабекова мен сынып жетекшілер: «Біз заңды білеміз бе?», «Тәртіпке бас иген құл болмайды», «Біз тәртіпсіздікке қарсымыз», «Заңды білу- заман талабы» т.б.

тәртіпсіздікке қарсымыз», «Заңды білу- заман талабы» т.б. тақырыптарда жиналыс семинар мен тәрбие сағаттарын өтіп, оқушыларға тәртіп пен тәрбие жайлы мағлұматтар беріп, Кітапханада Заң және құқық аясында мәліметтерден кітап бұрышын ұйымдастырып, оқушылардың кітап алып оқуына ықпал жасайды. Балалардың құқықтарын бұзу фактілерін анықтау,балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу,балалар еңбегін пайдалану,сондай-ақ «Кәмлетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасын іске асыру мақсатында мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, «Түнгі рейдтер» мектеп ер мұғалімдерінен құрылған еріктілер тобы айына екі рет ұйымдастырылып отырады.

Қазіргі таңда мектебімізде ҚІб-де есепте тұратын бала саны-0. Мектепішілік есепте тұратын бала саны-8

Сынып жетекшілері , қоғамдық жетекші дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Б.Сопбеков бекітіліп, бос уақытын дұрыс пайдалану мақсатында үйірмелерге қатысуға ықпал жасалынады. Қазіргі таңда оқушылар шахмат және мектепішілік тоғызқұмалақ үйірмесіне барады. Педагог-психологтар жеке жұмыстар жүргізеді. Әлеуметтік педагог Досыбаева тұрмыс жағдайына әлеуметтік талдау жасаған. Үнемі бақылау мен назарға алынған.

| **Жүргізілген жұмыстар** | **Жүргізілген жұмыстар саны** | |
|---|---|---|
| | **2022-2023** | **2021-2022** |
| ҚІБ қызметкерлерінің қатысуымен жиналыстар | 2 | 2 |
| Ұлдар жиналысы | 3 | 4 |
| Рейд жұмыстары | 14 | 18 |
| ЖПҚ кездесу | 1 | 4 |




Педагог-психолоС.Джусупова жеке жұмыстар жүргізіп мінез-құлық динамикасын жасап, темперамент типін анықтау әдісі алынып, оқушыға психологиялық мінездеме жазылған. әлеуметтік жағдайы зерттелген. Педагог-психологтың үнемі қадағалауында, тәрбие завучы, сынып жетекші, қоғамдық жетекшісі күнделікті өз назарында ұстайды. Қазіргі таңда баланың тәртібі, сабағы жақсы, сабақтан қалмайды.

Оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықты болдырмау және оның алдын алу мақсатында ҚІІб-мен бірлескен іс-шара түзіліп, оқушыларға кешке жүрмеу, суық қару, басқа да артық заттар ұстамау т.б. жайлы кездесу, тәрбие сағаттары, түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Ата-аналар жиналысында құқықбұзушылықты болдырмау мақсатында баланы қараусыз қалдырмау, кешке жүргізбеу жайында айтылып, хаттамасы жазылған.

2021-2022 оқу жылында «Тұлпар мініп,ту алған» тақырыбында өнер фестиваліне оқушылардан 6- сынып оқушысы Орынбасар М вокалдық әнайту барысында көзге түсіп Мақтау қағазымен марапатталды.







Сонымен қатар көрме бағытына еңбек пәнінің мұғалімдері Н.Қалыбаев пен Г.Батырованың мектеп оқушыларының қолымен жасаған қолөнер бұйымдары жоғары деңгейде бағаланды.

**Фестиваль жайлы**

| Оқу жылы | Фестиваль тақырыбы | Қатысқан оқушылар саны |
|---|---|---|
| 2021-2022 | «Тұлпар мініп, Ту алған | 12 |
| 2022-2023 | «Жаңа Қазақстан, Бірлігіміз жарасқан» | 16 |




Түрлі кездесу барысында қазіргі таңдағы жастар саясатының жүзеге асуына қатысты өзекті мәселелер қозғалып, сұрақ-жауап арқылы сұхбат жүргізілді.

Оқушылардың рухани-байлығын дамыту мақсатында тәрбие саласы бойынша барлық сыныптарда әр аптада кесте бойынша тәрбие сағаттары өткізіліп тұрады. Аудандық,қалалық,облыстық іс-шаралар

мен сайыстарға, байқауларға оқушыларымыз қатысып, **бірнеше жылдар қатарынан жүлделі орындарды иеленіп келеді.**






"Желсіз түнде жарық ай"








**2021-2023 жылдар арасындағы тәрбие жетістіктеріне қысқаша талдау жұмысы**

**Қалалық сайыстар, іс-шаралар нәтижелері**

**2021-2022 оқу жылы**

| № | Сайысқа қатысқан оқушының аты-жөні | Күні | Қалалық сайыстың түрі | Нәтижесі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | СағындықНазерке 7сынып оқушысы | 21.10.2022 | Қалалық ән байқау | Мақтау қағазы |
| 2 | Орынбасар Балауса 8-сынып оқушысы | 21.10.2022 | Қалалық ән байқау | Мақтау қағазы |
| 3 | Орынбасар Мұхамметәлі 1 сынып оқушысы | 21.10.2022 | Қалалық ән байқауы | 1 орын |
| 4 | «Көзмоншақ» би тобы 9-8-сынып оқушы қыздары | 14.02. 2022 | Аудандық би байқау | Алғыс хат |
| 5 | Бейбіт Шағала 7сынып оқушысы | 14.02.2022 | «Көркем сөз» байқау | 1 орын |

**2022-2023 оқу жылы**

| Сайысқа қатысқан оқушының аты-жөні | Күні | Қалалық сайыстың түрі | Жетістіктері |
|---|---|---|---|
| Сопбеков Нурислам 8сынып | 20.09. | Облыстық | Үздік көркемсөз шеб |

| | | | |
|---|---|---|---|
| оқушысы | 2022 | «Сахналық қойылым» | Мақтау қағазы, Сертификат 10 000теңге |
| Дәулетбай Олжас 7сынып оқушысы | 24.11. 2022 | Тоғызқұмалақ | I орын |
| Керімхан Ерғалым 5 сынып оқушысы | 24.11. 2022 | Қазақша күрес сайысы | II орын |
| Бимаханбет Аружан 8 сынып оқушысы | 14.04. 2023 | «Ескі Сауран таланттары-2023» көркем сөз байқауы | Алғыс хат |
| Тұрсымет Назерке 8сынып оқушысы | 14.04. 2023 | «Ескі Сауран таланттары-2023» ән байқауы | Алғыс хат |




***Қыз тәрбиесі –болашақ ұлт тәрбиесі***

Мектепте оқушы қыздармен жүргізілетін жұмыстарға іс-шара жоспары жасалынған. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, гинеколог мамандармен кездесу өткізілді.

| № | Жүргізілген жұмыстар | Жұмыстар жайы | |
|---|---|---|---|
| | | 2021-2022 | 2022-2023 |
| 1 | «Бұрымды қыз» қыздар жиналысы | 9 | 9 |
| 2 | Ерте жүктіліктің алдын алу шаралары | 3 | 2 |
| 3 | Жеке бас гигиенасы жайлы әңгімелер, гинеколог-мамандармен кездесу, ерте жүктіліктің зияны | 2 | 2 |
| 4 | «Қыз тәрбиесі- анадан» қыздар жиналысы | 2 | 3 |
| 5 | «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» Әңгіме, тренинг | 1 | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6 | «Иманды қыз, аяулы ана» Жасөспірім қыздарға имандылық, жыныстық тәрбие жайлы әңгімелер | 1 | 1 |
| 7 | «Қыз тәрбиесі – болашақ ұлт намысы» Қыздар жиналысы | 2 | 2 |
| 8 | Қыз бала тәрбиесі жайлы бейнероликтер көрсету, қыздар жиналысы. | 3 | 3 |

**Ы.Алтынсарин атындағы ш.ж.жалпы орта мектебінде қыздар жиналысы болып өтті**

**28.10.2022ж**

**Қатысқандар**

1. Мектеп медбикесі –Ж.Юсупова
2. Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары - Р.Абуов
3.Педагог –психолог С.Джусупова
4. 5-7 сыныптың оқушы қыздары және сынып жетекшілер.

**Күн тәртібінде**

1. Жасөспірім қыздарды зорлық-зомбылықтан сақтандыру,
2. Жеке бас гигиенасы,ерте жүктіліктің зияны, жыныстық тиіспеушілік,
3. Тәртіп, сабаққа кешікпеу, кешке жүрмеу, сыртқы форма жайлы

**Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Р.Абуов** қыздар арасындағы ерте жүктіліктің салдары, денсаулыққа зияны, өмірге қауіптілігі туралы, қыз-келіншектер өмірінде кездесетін зорлық-зомбылықтар жайлы және алдын-алу шаралары жөнінде әңгімеледі. Отбасында болған кейбір жағжайлардан біздің қазақтың балалары ұялады, осы «ұят болады» деген сөзді алға тартып, үнемі болған жағдайды жасырып жүреді. Ал, осы жағдай үлкен қауіпке ұласуы мүмкін. Зорлық-зомбылық жағдайы мектепте достарың тарапынан да болуы мүмкін, осындай жағдайлар туындап жатса, жасырмай айтыңдар,- бірнеше мысалдар келтіріп, оқушылардың қойған

сұрақтарынажауапберді



бе

**Мектеп медбикесі Ж.Юсупова қыздардың жеке бас гигиенасы, тазалығы ерте жүктіліктің салдары жайлы** түсіндірме жұмыстарын жасап, қыздарға медициналық кеңес айтып, таза жүріп, тұру, сырттан кіргенде үнемі қолды жуу, жасөспірімдер мен жастар арасындағы ерте жүктіліктің қауіптілігі, жыныстық жолмен жұғатын инфекциялық аурулар, салауатты өмір салтын ұстануға бейім болу жайлы әңгімеледі. Тәрбие ісі орынбасары А.Жұмаділлаева оқушы қыздардың тәртібі, сыртқы формасы жайлы айтып, мектептегі өзін-өзі басқару ұйымы бойынша жұмыстарды жандандыру керектігіне тоқталды.

***Қыздардың қойған сұрақтарына жауап берді.***

***Қыздар өз пікірлерімен бөлісті.***

**Шешім**

1. Мектеп қыздарының сабақтан қалмауын, тәртібін, қыздардың жүріс-тұрысын, жеке бас тазалығын қадағалауы қыздар ұйымының төрайымы А.Есентаеваға жүктелсін.
2. Мектептегі қыздар ұйымының төрайымы А.Есентаева жұмысына бағыт- бағдар беріп, оны қадағалау П.Исабековаға міндеттелсін.

***«Қыз тәрбиесі- анадан»* әжелер алқасымен өткізілген кездесу *ұйымдастырылды***

***22.12.2021***

***жыл.сағат 11.00.***

**Қатысқандар**

1. Әжелер алқасының мүшесі, ардагер-ұстаз П.Әлсейтова
2. Ауыл анасы Ж.Тайырбекова
3. Ескі Сауран ауылы әжелер алқасының төрайымы П.Әлсейтова
4. Батыр ана,ардақты әже Ш.Арынова
5. Мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
6. Мектеп педагог-психологтары
7. Мектеп медбикесі
8. Мектептің жоғары сынып оқушы қыздары
9. Оқушы қыздардың аналары

**Күн тәртібі**

1. Қыз балаларға адамгершілік, адалдық іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысын түсіндіру,

рухани әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, тазалық қасиеттерді дамыту,

жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу

Жүргізуші жиынды ашып, жиынның күн тәртібімен, мақсатымен және қонақтармен таныстырды.

Қыз – өмірдің гүлі, барлық адамзаттың қадірлеп, аялайтын асыл аруы десек те артық емес. Қыз баланы қазақта кішкентайынан мәпелеп, аялап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген. Жалғандағы нәзіктік пен инабаттылықты әрбір қазақ қызының бойына сіңіріп өсірген. Әрбір баланың өмір жолы, тәрбиесі отбасынан, одан соң мектеп қабырғасынан бастау алары сөзсіз. Сондықтан да, мектепте оқып жүрген қыз бала, ол – үйдегі ата-ананың көз қуанышы, мектепте ұстаздарының мақтанышы бола білуі тиіс.

***«Ы.Алтынсарин »*** ш.ж. ***жалпы орта мектеп директоры орынбасары*** Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Қыз баланы тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі өнеге көрген қыз бала өскенде де сол әдетін сақтайындығы жайлы әңгімелеп өтті. Біздің халқымызда «қыз» деген сөздің өзі әдеміліктің, жан- жақты сұлулықтың рәмізі ретінде қолданылады. Қазіргі кезде мектептегі кейбір қыздарымыздың тәртібінің төмендеп бара жатқандығы. Яғни ибалы қыздарымыздың арасындағы келеңсіз жағдайлар оқу-тәрбие жұмыстарына кесірін тигізіп жатқаны рас екендігін айтып, қыз тәрбиесі – анадан екендігіне тоқталды.

Ардақты ана Ш.Арынова анамыз:

Ұлтымыз қазақ деп ұрандағанда сол ұлтымыздың діні, тілі, тарихы, салт-санасы ойымызға оралады. Ұлттың тыныс-тіршілігі де осы баланы отбасынан бастап, бесіктен дұрыс тәлім-тәрбие беріп, түзу жолға қоюдан анық байқалады.Әсіресе қыз баланың тәрбиесіне ежелден ерекше мән берген. Қазақ халқы қашаннан қыз баланың тәрбиесіне жіті назар аударып, қызды қонақ деп құрметтеген. Бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербейтін әйел затының басты құндылықтарын дәл сол тал бесіктен сіңірген. Барған жерінде қадірлі, қасиетті ана, келін атануы, ұзатылып кеткенде төркініне сөз тимес үшін барынша ибалы, инабатты,ісмер, сыпайы, қылықты етіп өсіргендігі және қазіргі кездегі қыздардың жүріс-тұрысы, олардың аналарының жақсы тәрбие беруі керектігі жайлы айтып өтті.

***Ардагер ұстаз Әлсейтова*** Елбасымыз «Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі де – біздің «қазақ» деген болатын. Ұлтыңды сақтаймын десең-қызыңды тәрбиеле, руыңды сақтаймын десең –ұлыңды тәрбиеле. осы нақыл сөзде қаншама мағына бар. Белгілі ақын Ақұштап Бақтыгереева "Өмірде қыз болу бар да, нағыз қазақ қызы болу мүлдем бөлек" деген пікір айтқан. Сол тәрізді ата-дәстүр, салт-сананы берік ұстанып өскен қазақ қызы қай ортада болсын, өзінің ерекше болмысымен көзге түсетіні анық. Қазақ қызының бойындағы асыл қасиеттерімен бірге сыр-сымбаты да өзге ұлттан дараланып тұруы тиіс,-деп өзінің балалық шағындағы қыз балалардың тәрбиесінен мысал келтіре отырып әңгіме қозғады.

Қазіргі кезде қыздардың теріс жолға түсуіне бірден-бір себепші кінә – ұялы телефон. Себебі үлкен де кіші де телефонға үңіліп отырады. Бұны көрген бала оған еліктеп көргенін істегісі келеді. Оның әр түрлі хабарласу түрлері бар. Онымен айналысқан бала оның жағымды жақтарынан гөрі жағымсыз жақтарына құмар. Осыған шектеу қоятын бірден бір адам, ол ата- ана. Үйдегі баланың немен шұғылданып жатқанына бір мезгіл көңіл бөліп, сабағына қарап отыру міндетті. Аналарымыз қызын тек тамақтандырып, киіндірумен шектелмей халқымыздың әдет-ғұрпын үйретіп , үлкенді сыйлауға, кішіге ізет етуге тәрбиелеу басты мақсат болуға тиіс. Сондай- ақ қыз баланы кішкентайынан еңбекке баулыса ертеңгі күні нағыз маман дайындалатыны анық. өз қызының болашағына әрбір ана алаңдап, жауапты болғаны дұрыс. Сонда ғана мына келеңсіз жағдайлар азаятыны анық. Шынында мына заманда қыз тәрбиесіне бейтарап қарауға болмайды, сәт сайын қадағалап, сабағын тексеріп, жүріс тұрысын бақылап отыру қажет. Қыз тәрбиесі мектеп кезінде ғана емес, мектеп жасына дейін де, одан кейін де басты назарда болуы шарт.

***Мектеп психологы С.Джусупова*** қыздар арасында әлімжеттілік, ұрып-соғу немесе тағы басқадай құқықбұзушылық орын алған жағдайда үнемі байласта және қыз баланың тәрбиесі басты назарда екендігін айтып өтті.

***Мектеп медбикесі Ж.Юсупова*** мектеп жасындағы жасөспірім қыздардың денсаулығы және олардың организмінде болатын түрлі өзгерістер және жеке бас гигиенасы жайлы айтып өтті.

***Оқу ісі орынбасары***

жиынды қорытып, күндіз -түні тынбай еңбектеніп, мол ақша табуыңыз мүмкін, ал көз қуанышыңыз болған қызыңыздың бойына сіңіре алмаған дұрыс тәрбиені күндіз қолыңызға шырақ алып іздесеңіз де таппайсыз. Сондықтан да басты назарды осы қыздарыңыздың тәрбиесіне аударайық. Ағашыңыздың жемісін жегіңіз келсе, шыбық кезінде дұрыстап қараңыз. Сонда ғана еңбегіңіз еш кетпейді. Қорыта келгенде «Қыз болашақ ана», «Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі». Қыз баланың тым ерсі киініп көзге түсіп, орынсыз боянып сылануы ерсі болады. Бұл оның тәрбиесінің төмендігін көрсетеді. Мектеп өмірінде өнегелі істер мен сыпайылық қарым - қатынасқа тәрбиеленген қыздар, болашақта да ертең еңбек еткенде де жақсы жақтарымен көпшілік құрметіне бөленуі сөзсіз. Қыздардың бірі - жаңа буырқанған бұлақтың бастауы болса, екіншілері - ағысы қатты арналы өзен сияқты, бірі момын да жуас, енді бірі өткір де өжет. Қыз баланың физиологиялық, психологиялық даму кезеңдерін басшылыққа ала отырып жүргізілетін тәрбие жұмыстары өз нәтижесін бермей коймайды-деп, тәлім-тәрбиелік мәні көп әңгіме айтты.





*1. «Қыз тәрбиесі - ұлт болашағы» тақырыбында бейнеролик көрсетілді.*
*2. Қалалық әжелер алқасы мүшелеріне уақытын бөліп келгеніне рахмет айтылып, естелікке фотоға түсу рәсімі жалғасты.*

### *Шешім*

1. Қыз бала тәрбиесін үнемі назарда ұстау жайында аналарына түсіндірме
   жұмыстары жүргізілсін.
2. Мектептерде оқушы қыздармен мамандар шақырылып қыздар жиналысын
   өткізу жалғастырылсын.

**Ы.Алтынсарин атындағы ш.ж. жалпы орта мектеп оқушы қыздарымен«Қыз тәрбиесі – болашақ ұлт намысы» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.**

**27.01.2021 жыл.**

**Қатысқандар**

1.Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары орынбасары Р.Абуов
2. Мектеп медбикесі Ж.Юсупова
3. Педагог-психолог Джусупова
4. Оқушы қыздары, сынып жетекшілер

**Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Р.Абуов** қатысушыларды жиынның мақсатымен таныстырды.

Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай: әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық, т.б жан-жақты ұлттық қасиеттері, коммуникативтік – оқушылардың ойлау, есте сақтау, танымдық қасиеттерін дамыта оқыту; проблеманы шешу – қазақ халқының әдет-ғұрпы арқылы қыз бала тәрбиесіне тән қасиеттерді бойына сіңіру.

қазақ қыз баласына «Шаңырақтың құт – берекесі» деп қарап, «Дүниеге ұрпақ әкелетін пірім» деп есептеген және бүкіл ұрпақ тәрбиесін әйел – анаға жүктеген.Қай қоғамда болмасын әйелдерге күллі жақсылық пен парасаттылық атаулының бастау бұлағы деп қараған.Әйелдердің қоғамдағы рөлі жайлы аятолла Имам Хомейни: «Ұлы ерлерді тәрбиелейтін – әйелдер. Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген екен.

Сендер де қазақ қызына лайық болып жүріңдер.

**Педагог-психолог С.Джусупова:** келешек ана - қоғамның, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіне отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді жан жақты жетілген қыз бала болу керектігі, ерте жастағы жүктіліктің зияны, оның алдын алу жолдары туралы айтып, түсіндірді.

**Ы.Алтынсарин ш.ж. жалпы орта мектебінде *«Мен үлгі тұтатын жан»*» тақырыбында қыздар жиналысы өтті.**

***27.04.2022 жыл.***

**Қатысқандар**

1.Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары және қыздар кеңесінің төрайымы

2. Мектеп медбикесіЖ.Юсупова
3.8-10сынып қыздары, сынып жетекшілер, А.Жұмаділлаева.Б.Ахметова

**10 ә сынып жетекшісі Ахметова** : Қазақ халқының тәрбиесі қыздарды арлы болып, адамгершілігін биік ұстауға, өнерлі іскер болуға, үлкендерді құрметтеуге, үлгі-тағылымды, өнегелі адам болуға баулиды. Инабаттылық пен имандылық – әдептіктің әсем көрінісі.

Биязы мінезді қарапайым адамды халық нағыз перзентім деп үлгі тұтады. Қыз бала аттап өтуге болмайтын әдеп – инабаттылық талаптары жайында хабардар болуы тиіс. Үлкендерге ізеттілік, құрбыларымен татулық, сыйластық, кішілерге апалық мейір-ықылас тәрізді қыз бала инабаттылығының нәзік иірімдері туралы толығымен мағлұмат берді.

**Медбике Ғ. Ж.Юсупова** қыздарға жеке бас гигиенасы жайлы әңгімеледі. Жеке бас тазалығы дегеніміз- денеге күтім жасап, оның тазалығын сақтау. бұл үшін арнайы гигиеналық құралдар қолданылады. Жеке бас гигиенасын сақтау деп таза жүру дұрыс. Таңертең тұрып жаттығулар жасау, жүгіру, жуыну қажет.

1. Мектепте де, үйде де тазалықты сақауымыз қажет.
2.Жеміс – жидектерді жуып жеу, тамақты асықпай шайнап жеу.
3. Спортпен айналысып, таза жүру, әрбір адам өз денесін шынықтырса, жуынып, таза жүрсе оны аурудан сақтайды.
4. Адам еңбекке қабілетті болып өссе дене құрылысы сымбатты болады.

**Директордың оқу ісі жұмысы жөніндегі орынбасары** Біздің халқымызда «қыз» деген сөздің өзі әдеміліктің, жан-жақты сұлулықтың рәмізі ретінде қолданылады. Қыз бала бой жетуі, яғни, жан-жақты жетіліп, белгілі дәрежеде өмір тәрбиесіне ие болғаны жөн. “Қыздың жолы жіңішке”, “Қызға қырық үйден тыю” деген сияқты халықтың тәлімгерлік талаптарының мәнін түсініп қана қоймай, бой жете келе адам өзіне қатысты, тиісті қорытынды шығара білуі, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысын басшылыққа алуы тиіс екендігі жайлы айтып, жиынды қорытындылады.




# ХАТТАМА

**Ы.Алтынсарин атындағы ш.ж. жалпы орта мектебінде жасөспірім қыздар арасындағы қашықтықтан «Қыз еркем, қылығымен көркем» тақырыбында қыздар жиналысы болып өтті**

**30.09.2020 жыл.**

Қатысқандар

1. Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары орынбасары Р.Найзабекова
2. Мектеп медбикесі К.Рысбекова
3. Педагог-психолог Джусупова
4. 8-10 сынып оқушы қыздары, сынып жетекшілер

**Мектеп директоры оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Р.Найзабекова** қатысушыларды жиынның мақсатымен таныстырды. Қазақ халқы «Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған. Ауыз әдебиетінде көптеген ақындарымыз қызға көптеген керемет суреттемелер берген. Сондай-ақ қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, жанының нәзіктігін, өнер, білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, оның ол қасиеттерін бейнелі сөздер арқылы ерекше көрсеткен. Мысалы: «Қыздың жиған жүгіндей», «Қыздың тіккен кестесіндей» дегеннің өзі қыздарымызға әдемі теңеу екенін білеміз. Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы деп бекер айтылмайды. Қыз бала – ертеңгі ана, өмірдің бастауы, ұлттың болашағы, оның жалғастырушысы. Сондықтан да қыз тәрбиесіне қай ұлт болса да аса көңіл бөлген, яғни, қыз баланы тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Әр шаңыраққа бақыт пен бірлік беретін – ана, берекесін келтіретін – ана. Өмір адамға бірақ рет беріледі. Сондықтан әр адам қолынан келіп тұрып бақытсыз болуы қиянат. «Адамның мінезін түзетуге болмайды деген кісінің тілін кесер едім» депті ұлы Абай. Тәрбие басы – тал бесік» дейді халық даналығы.

**Мектеп медбикесі Ж.Юсупова** ерте жүктіліктің салдары, зияны, қыздардың жеке бас гигиенасы жайлы, таза жүру, тазалықты сақтау жайлы әңгіме қозғады.

**Педагог-психолог С.Джусупова.** Намысын, сұлулығын жоғары ұстай білген қыз ғана жұрт алдында әрдайым абыройлы, сыйлы. Сұлу болу, сау болу - өз қолыңда! Адамның, соның ішінде қыздардың реңді де сұлу болуы өздеріне байланысты. Себебі, сұлулықтың негізі - денсаулық. Бұл денсаулыққа жеке басты тазалық, гигиена және зиянды әрекеттердің аулақ болуы жатады. Қазіргі кезде қыздар зиянды заттарға елігіп, әуес болады. Ол болашақ ана. Темекі тарту, ішімдік ішу денсаулыққа үлкен қатер төндіредіретіні жайлы толығымен әңгімеледі. қандай да жағдайлармен жеке келіп әңгімелесуге, жолығуға болады.

**«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының жұмыстары жасалынған жылдық жоспар бойынша жүзеге асады.**

Оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, ауызбіршілікке, бірлікке баулу, мектеп белсенділерін басқаларға үлгі етіп, бәсекеге қабілетті, білім және өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін, еңбекқор да салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әдетті, қайсар тұлғаны, өзін-өзі басқару арқылы қалыптастыру арқылы ***«Алау»* өзін-өзі басқару** ұйымының жұмыстары жүйелі жолға қойылған. Мектеп белсенділерін сайлау барысында оқушылар арнайы орнатылған жәшікке өз парақшасын тастау арқылы дауыс беріп, мектеп Президентін сайлады. Өзін-өзі басқару ұйым мүшелері мектептің барлық қоғамдық жұмыстарына белсенді араласып, өткізілетін іс-шаралардың өту барысына толық қатысады.

| № | Ұйым мүшелерінің аты-жөні | Сыныбы | Атқаратын қызметі |
|---|---|---|---|
| 1 | Әлібекова Айкүн | 10 | Мектеп президенті |
| 2 | Сәрсенбек Ақбота | 10 | Вице президент |
| 3 | Баймұратова Ажар | 10 | Білім министрі |
| 4 | Қожагелді Ернұр | 9 | Білім министрінің көмекшісі |
| 5 | Қыдырәлі Мағжан | 11 | Тәртіп министрі |
| 6 | Ережеп Сағадат | 11 | Денсаулық министрі |
| 7 | Мелдехан Гүлназ | 10 | Денсаулық министрінің көмекшісі |
| 8 | Батырханқызы Інжу | 10 | Мәдениет министрі |
| 9 | Маратқызы Балым | 9 | Мәдениет министрінің көмекшісі |
| 10 | Серікқалиқызы Томирис | 9 | Бұқаралық ақпарат кеңесшісі |
| 11 | Әпсемет Ералы | 11 | Спорт министрі |
| 12 | Айнабек Арсылан | 10 | Спорт министрінің көмекшісі |
| 13 | Беймаханбет Нұрислам | 11 | Ұлдар кеңесшісі |
| 14 | Тасыбек Оңалсын | 11 | Ұлдар кеңесшісінің көмекшісі |
| 15 | Дәуренқызы Шапағат | 10 | Қыздар кеңесшісі |
| 16 | Мелдехан Гүлбану | 10 | Қыздар кеңесшісінің көмекшісі |

***Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен*** "1 Қазан - қарттар" күні мерекесіне орай ауыл тұғындары, Жүзенова Рақия апаның үйлеріне барып, шаруаларына қолғабыс жасап, еңбек жолындағы тәлім-тәрбиеге толы әңгімелерін тыңдап қайтты.

Өзін-өзі басқару мүшелері мұғалімдер күніне орай «Ұлағатты ұстаздар» тақырыбында дублер күнін өткізді. нағыз мұғалім болудың қыр-сырын түсініп, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алды. Күн қорытындысы бойынша дублер болған оқушылар өз пікірлерімен бөлісті және мұғалім болу тек қиын емес, қызықты екен

деген ортақ ойға келді. Ұйым мүшелері «Талапты да талантты» интеллектуалды ойын ұйымдастырды. ойын барысында оқушылар математикалық тапсырмалар мен логикалық тапсырмалардың ерекшеліктерін бағдарлап, мәдени түрде жауап беру ой ұшқырлығы мен шешендік сөйлеуді қоса игерді.

Оқушылар парламент мүшелері, пікірсайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделіп, ***«Ұшқыр ой алаңы»*** Дебат клубы құрды. Клубтың іс-шара жоспары жасалып, нақты жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, сөздік мәдениетті қалыптастыру, ой-өрісті дамыту, сөздік қорын молайту мақсатында «Бізді тәрбиелейтін әдебиет әлемі ме, әлеуметтік желі ме?», «Шет елге кету керек пе?» тақырыптарында «Ұшқыр ой алаңы» ұйымы, дебат фракциясы жетекшілерінің ұйымдастыруымен 8 сыныптар арасында мектепішілік дебат ойыны болып өтті. Шара барысында әр фракция мүшелері нақты дәлелдер мен фактілерді көздей отырып, ойы мен пікірін еркін жеткізіп, ойлау қабілеттерінің жоғары екендігін дәлелдей білді.

Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында мектепте **«Адал ұрпақ»** *клубы* құрылған. Клуб мүшелерінің орындайтын жұмыстарына іс-шарасы жасалып, нақты жұмыстар жүргізіледі. Атап айтсақ, «Адал ұрпақ» ерікті ұйымы мүшелерінің қатысуымен «Жемқорлыққа жол жоқ!» дөңгелек үстелі өтті. Оқушылар «Сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін бе?» тақырыбында шағын дебат ұйымдастырып, пікір таластырды. Мектеп оқушылары арасында орын алатын ұрлық үстіндегі сыбайластықты, сабақтан қашу кезіндегі сыныптастар арасындағы сыбайластықты бейнетаспаға түсіріп, шағын бейнеролик жасап, жасаған еңбектерін таныстырды. 5 сынып оқушылары адам бойындағы адалдық, адамгершілік жайында өлең жолдарын оқып, «Жемқорлыққа жол жоқ!» деген өз ұстанымдарын айтты.8 сынып оқушылары қоғамдағы жемқорлықты бимен өрнектеп жеткізе білді. «Адал ұрпақ» бағдарламасы аясында «Адалдық дүкені» жұмысы оқушыларды адалдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында жүйелі жұмыс жасап келеді. «Адал ұрпақ» жұмыстарының қорытындысы баспа материалына жарияланды.

***«Жас Ұлан» және «Жас Қыран»* ұйымының жұмыстары** Оқушылар үйімен тығыз байланыста. Оқушылардың рухани мәдениетін қалыптастыру,өскелең ұрпаққа рухани байлығымызды дәріптеу мақсатында «Ән халықтың ажары» атты қалалық дәстүрлі ән сайысы ұйымдастырылып, мектебімізден қатысқан 7«А» сынып оқушысы Асан. Әліби жүлделі «ІІ-орынмен» марапатталды.

«Ана -гүл, ана - өмір шуағы» атты мерекелік іс-шара ұйымдастылды. Мақсаты, нәзік жанды аруларымыздың қоғамдағы рөлі, оларға қуаныш сыйлау. Оқушылардың оларға деген ізгі ниеттерін көрсету. Ана жайлы тамаша әндер,өлең шумақтары оқылды. Бітіруші түлектер де ұстазға арнаған өлең сөздерін тарту етті.

Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып, оны күтіп-баптауға,аялауға,оларға мейірімділікпен қарауға, құстар туралы

білімдерін толықтыру, құстарға деген сүйіспеншілік сезімге, қамқорлық жасауға тәрбиелеу
мақсатында 1-4 сынып оқушылары «Құстар-біздің досымыз» тақырыбында сурет салды.

Тілдік сөздік қорларын молайту.Балаларды табиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру мақсатында «Ұмытпайық ұлықтайық» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды.

*Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына енген оқушылар саны*

| Оқу жылы | «Жас Ұлан» | «Жас Қыран» |
|---|---|---|
| 2021-2022 | 15 | 16 |
| 2022-2023 | 17 | 19 |




03.12.21жылы Республикалық бірінғай «Жас ұлан» және «Жас қыран»балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына ұлдар мен қыздарды қабылдау салтанатын өткіздім. 3-сыныптар арасынан «Жас қыран»ұйымына 21-оқушы,5- сыныптар арасында «Жас Ұлан» ұйымына 15 оқушы қабылданды.







**22-23.10.21ж** «Күз ханшайымы -2021» **атты арулар байқауын өткіздім.**
**Мақсаты:** Күз кереметін оқушыларға ұғындыру, қыздардың күзгі сән үлгісі мен күзгі дақылдардан дәмді тағамдар дайындауға және таныстыру. Әдемілікке, инабаттылыққа, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге баулу.
**Қатысқандар: 2-5 ,5-7** 8-10 сынып оқушылары

Жас ұрпаққа қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарды және күз кереметтілігін нақты айқындап ашуға, табиғатты сүюге,сақтауға үйрету. Инабатты, иманды, іскер, мәдениетті,жеке тұлғаны қалыптастыру.

Ұқыптылыққа,шымыр да шапшаң ой жүйріктілігіне, талғампаздыққа, таза әдемі болуға тәрбиелеу мақсатында байқауы өткізілді. Сайысқа барлық қыздар белсенді қатысып, нәтижесі төмендегідей болды.

**5-7 сыныптар арасында жүлделі орын алған оқушылар**:
«Күз ханшайымы - 2021» байқауында ерекше өнері мен талантын көрсете білген оқушыларды бағалау. «Сәлем сөздің анасы»(өзін таныстыру, «Сән үлгісі»(қолдан жасалған киімдермен сән үлгісін көрсету) «Өнерлі өрге жүзер»(өз өнерін көрсету)2-4сыныптар арасында Бас жүлдені - 4а сынып оқушысы ӘлібековаӘдемі жеңіп алса, 1-орындарды 3 а сыныптары Керімхан Айкерім мен 2а сыныбы Әділбек Керемет алды.2-орындарды : Сырлыбай Ақзере .3-орындар: 3ә Қуатова Сағыныш, 4ә Түймебек Азиза 4б Сырлыбай Назым 5-7 сыныптар арасында жүлделі орын алған оқушылар:
Бас жүлде 5«А» Айнабек Іңкәр І орын 7 «а» сынып оқушысы Ілесбек Айым ІІ орын 5 «ә» Әбілмұхаммед Кәусар мен 7 «ә» сынып оқушысы Айнабек Бегназым ІІІорын 5 «ә» сынып оқушысы Акимжан Медина.

«Ерліктің әрбір сәті жас ұрпаққа өнеге» Ауған соғысы ардагерлерімен аудандық кездесу, оқушылар арасында Толағай эстафеталық сайыс, Жарқын күнге жол ашады- Жас ұлан!» атты слет;









***Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары***

Мектепте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жасалынған жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі №267 Заңы бойынша жалпы ережелермен мұғалімдер мен кіші қызметкерлер таныстырылып, қол қойдырылды. Жеке тұлғалардың арыздары мен хаттарына арналып қойылған Сенім жәшігі айына бір рет ашылып, акт жасалады, ашқан кезде ешқандай арыз, шағым болған жоқ. оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында әңгімелер, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет: білім және тәрбие тақырыбында слайдтар мен бейнероликтер көрсетілді. Мектеп ұстаздарына арнайы жиналыс өткізіліп,



сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Бәріміз сыбайластыққа қарсымыз!» атты сурет байқауы, «Сыбайластық, жемқорлық неге әкеліп соқтырады?» шығарма жазып, «Сыбайлас жемқорлықтан құтылу жолдары», «Сыбайластық – әлеуметтік зұлымдық», «Парақорлық – балардың арманын ұрлау», «Сыбайлас жемқорлық қоғамдық індет» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында бірыңғай сабақ өткізілді.

Сыбайлас жемқолыққа қарсы іс-қимыл туралы Заң талабы аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда.
Халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлыққа күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес, онымен күресу күрделі мәселе айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаны және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермей, қарсы тұруымыз керек екендігі сабақ барысында оқушыларға инспектор полиция капитаны Д.Әшімбеков толығымен түсіндірді.



*Интербелсенді тақта арқылы оқушыларға бейнеролик көрсетілді.*

*Оқушылар сабақтан алған ойларын түйіндеп, өздерінің пікірлерін білдірді*

«Парақорлық- заман дерті» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Құқық пәнінің мұғалімі Ж.Айнабекова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – баршамызға ортақ іс» тақырыбында баяндама жасап, толыққанды түсіндіру ж.
Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының және Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен жастар арасында адалдық, әділдік туралы түсінік беру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында берілген нұсқаулықпен таныстыра отырып, заң жүзінде жауапкершілікке жазаға тартылатынын түндіріп өтті.

**2022-2023 оқу жылы**

*Мектепте зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында*:

Зорлықтың себебі не болып табылады?.

Кінәлі кім? Зорлық –түбі қолық! т.б. тақырыптарда тәрбие сағаттары өткізіліп,зорлық көрсету неге көрініс береді, жеткіншектік кезеңдегі зорлық, жеткіншекке зорлық көрсетілсе немесе оның өзі зорлық жасаса, не болатыны жайлы толығымен оқушыларға түсіндірілді. Барлық сыныптарда ата-аналарға «Отбасы жағдайындағы зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, баланың денсаулығы, дамуы, әлеуметтенуі үшін зорлық-зомбылық ауыр зардап тигізетіні айтылды. Сауран аудандық әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция ағалейтенанты Бимахан Мадина және Сауран полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі кәмелетке толмаған істер жөніндегі уяскелік полиция инспекторы полиция капитаны Кулмағамбетова Ақмаржан апайлар оқушыларға толыққанды түсіндіру жұмыстарын жүргізді.




Мектеп инспекторларымен ауыл аймақтық инспекторларымен зорлық-зомбылықтың алдыналу мақсатында ер балалармен кездесулер өткізілді.



***Мектептегі педагог-психологтар*** барлық оқушыларға темперамент типін анықтау әдістемесін жүргізіп, оқушылармен тығыз байланыста, сенім жәшігі орнатылған, әр аптаның жұма күні ашылып, акт жазылады.

**Қыркүйек айында диагностикалық бағыты** бойынша оқушылардың психологиялық – әлеуметтік жеке картасын дайындаудан басталды. Сұраныс бойынша жекелеген оқушылардың әлеуметтік жағдайлары зерттеліп, АКТ жасақталды. Мектеп қабырғасына қабылданған 1 сынып оқушыларын мектепке бейімделу жағдайын анықтау үшін зерделеу жұмыстары жүргізілді. «Графикалық диктант» әдістемесі, «Моншақ» әдістемесі, «Ер адамның суретін сал» «Қызыл-қара кесте» жаттығулары алынды. **«Жасөспірім және заң»** құқық бқзушылықтынғ әлімжеттіліктің алдын алу мақсатында мектеп инспекторларымен кездесу ұйымдастырылды.

«Бестерек» жобасы аясында 1 – 11 сынып оқушылары толық зерттеуден өтіп жалпы 24 оқушы тәуекел тобына алынды. Оның ішінде жеке дара қызық деңгейде 3 оқушы, сары деңгейде 2 оқушы, жасыл деңгейде 19 оқушы анықталып, ары қарай «Бестерек» жобасының екінші кезеңінде сол оқушылармен жеке дара жұмыстар жүргізілді.

**Әлеуметтік бағыт** бойынша қалалық ПМПК шешімімен «Үйден оқытылатын» оқушылар есепке алынып, жеке карталары жасақталып түзету және дамыту жұмыстары жасалынды.

Сынып жетекшілер  және ата –аналар арасында **«Буллинг»** дегеніміз не  түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оқушылардың ішкі эмоцияларын бақылау мақсатында тренингтер ойнатылды.



**Сынып жетекшілер** шығармашылық шеберліктерін арттыру мақсатында өз бетінше ізденіс жұмыстармен айналысып, тәрбие сағаттарында жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланып өтеді, шығармашылық ізденістерді артыруға ықпал жасалып, әдістемелік кеңестер өткізіліп, ал ата-аналармен тығыз байланыс жасалып, жиналыстар өткізіледі.Тоқсан сайын ата-аналар сынып жиналыстарына қатысады.



Жоспарға сәйкес тәрбие сағаттарын слайд,бейнеролик,даналардың сөздерін естірту және көрсету,оның мағыналарына тоқтау,түсіндіру,сұрақ-жауап тәсілдері арқылы оқушыға жан-жақты жеткізу мақсатында қолданылады.



Сабақ басталар алдын оқушылар Қазақстан Республикасының гимн орындайды.

Ата-аналарды топқа бөліп жарыстар ұйымдастыру мақсатында бала ойындағы қасиеттерін анықтауға бағыт –бағдар береді.




Оқушылармен арнайы кесте бойынша тәрбие сағаттары,ашық тәрбие сабақтары өтіледі.

Арнайы ата-аналар кесте бойынша балаларының сабақтарына қатысып, білімдерін тексеріп отырады.

Өз білімдерін үнемі жетілдіру мақсатында арнайы «Өрлеу» білім жетілдіру курстарына жіберіліп отырады.

**Сынып жетекшілердің *тәрбие сағатын* өту және *«Оқуға құштар мектеп»* жобасын іске асыру мақсатында оқушылардың *кітап оқу кестесі***

***Сынып жетекшілердің тәрбие сағаттарының өту кестесі***
***2021-2022оқу жылы***

| № | Сыныбы | Тәрбие сағатын өту кестесі | Кітап оқу кестесі | Сынып жетекшісі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 | Сейсенбі<br>4 сабақ | Дүйсенбі<br>үлкен үзіліс | Момбекова |
| 2 | 2а | Жұма<br>4 сабақ | Дүйсенбі<br>үлкен үзіліс | Ержігітова Г |
| 4 | 2ә | Сейсенбі<br>5 сабақ | Жұма<br>үлкен үзіліс | Мұстафаева Г |
| 5 | 3 | Жұма<br>5 сабақ | Жұма үлкен үзіліс | Мәмбетов Б |
| 6 | 4 | Дүйсенбі<br>6 сабақ | Жұма<br>үлкен үзіліс | Сабирова |
| 7 | 5 а | Дүйсенбі<br>6 сабақ | Жұма<br>үлкен үзіліс | Жүсіпбекова А |
| 8 | 5ә | Сейсенбі<br>7 сабақ | Жұма<br>үлкен үзіліс | Жарылқасынова |
| 9 | 6 а | Жұма<br>6 сабақ | Сәрсенбі үлкен үзіліс | Есдәулет Г |
| 10 | 6 ә | Дүйсенбі<br>6 сабақ | Сәрсенбі үлкен үзіліс | Сейітова О |
| 11 | 7 а | Дүйсенбі<br>6 сабақ | Жұма үлкен үзіліс | Исабекова |
| 12 | 7ә | Сәрсенбі<br>7 сабақ | Сәрсенбі үлкен үзіліс | Молдабек А |
| 13 | 8 | Жұма<br>7 сабақ | Сәрсенбі<br>үлкен үзіліс | Қалыбаев Н |
| 14 | 9 | Сәрсенбі<br>6 сабақ | Сәрсенбі үлкен үзіліс | Ахметова Г |
| 15 | 10 | Жұма<br>6 сабақ | Сәрсенбі үлкен үзіліс | Есентаева А |
| 16 | 11 | Жұма<br>6 сабақ | Сейсенбі<br>үлкен үзіліс | Рахымбаева |

*2022-2023 оқу жылы*

| № | Сыныбы | Тәрбие сағатын өту кестесі | Кітап оқу кестесі | Сынып жетекшісі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 | Сейсенбі<br>4 сабақ | Дүйсенбі<br>үлкен үзіліс | Сабирова К |
| 2 | 2 | Жұма<br>4 сабақ | Дүйсенбі<br>үлкен үзіліс | Момбекова Г |
| 4 | 3 а | Сейсенбі<br>5 сабақ | Жұма<br>үлкен үзіліс | Мұстафаева Г |
| 5 | 3 ә | Жұма<br>5 сабақ | Жұма үлкен үзіліс | Ержігітова Г |
| 6 | 4 | Дүйсенбі<br>6 сабақ | Жұма<br>үлкен үзіліс | Мәмбетов Б |
| 7 | 5 | Дүйсенбі<br>6 сабақ | Жұма<br>үлкен үзіліс | Рахымбаева Қ |
| 8 | 6а | Сейсенбі<br>7 сабақ | Жұма<br>үлкен үзіліс | Жүсіпбекова А |
| 9 | 6 ә | Жұма<br>6 сабақ | Сәрсенбі үлкен үзіліс | Жарылқасынова |
| 10 | 7 а | Дүйсенбі<br>6 сабақ | Сәрсенбі үлкен үзіліс | Есдәулет Г |
| 11 | 7 ә | Дүйсенбі<br>6 сабақ | Жұма үлкен үзіліс | Сейітова О |
| 12 | 8а | Сәрсенбі<br>7 сабақ | Сәрсенбі үлкен үзіліс | Исабекова |
| 13 | 8ә | Жұма<br>7 сабақ | Сәрсенбі<br>үлкен үзіліс | Молдабек А |
| 14 | 9 а | Сәрсенбі<br>6 сабақ | Сәрсенбі үлкен үзіліс | Қалыбаев Н |
| 15 | 10а | Жұма<br>6 сабақ | Сәрсенбі үлкен үзіліс | Ахметова Г |
| 16 | 11 | Жұма<br>6 сабақ | Сейсенбі<br>үлкен үзіліс | Инкарбекова Ү |

**Ата-аналармен жұмыс**

Мектепішілік ата-аналар жоспары жүйелі түрде жасалған. Қыркүйек айының алғашқы аптасында жоспарға сәйкес ата-аналар жиналысы өтілді. Онда күн тәртібінде атааналар комитетінің құрамын толықтыру,қайта сайлау.

Жаңа оқу жылындағы алға қойған мақсаттар, кезекті мәселелер талқыланды. Мектеп – шәкірттеріне тиянақты да сапалы білім беріп,

қияға қанат қақтыратын оқу-тәрбие ошағы. Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы екені айқын.






Әкелер кеңесінің жоспары бойынша «Әке көрген оқ жонар» тақырыбында әкелермен дебат өткізілді.

Қай елде, қай кезде болмасын, бала тәрбиесін ерекше дамытушы да, ілгері апарушы да ата-ана. Бүгінгі ұрпақ-ертеңгі елдің болашағы. «Адамға ең бірінші тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі»-деген Ұлы ғұлама әл-Фараби. Осыған байланысты мектебімізде баланы өмірге бейімдеуде мектеп, және ата-ананың орны бөлек.



Ата-анамен жүргізілетін жұмыстар белгілі іс-шара жоспары бойынша жүргізіледі. Ата-аналар комитетінің төрайымы Отарбаева Толғанай Балтабайқызы мектеп тыныс-тіршілігімен тығыз байланыста. «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» құрылып, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру жұмыстарын жүргізуде.Сонымен қоса кездесу барысында түрлі тақырыпқа байланысты оқушылар мағыналы көріністер көрсетті. Аналармен қыздары бірігіп сайыстар ұйымдастырылды.





**Халықтық тәрбие – қымбат қазына**

Мектептегі тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы. Ұрпақ тәрбиесінде әжелеріміздің беретін тәлімі мен тәрбиесі– ұлт болашағы үшін маңызы зор. Келер ұрпағын шынайы адалдыққа баулып, тәрбиелеуді мақсат ете отырып мектебімізде әжелер мектебі құрылған, Міне, осы мақсатта «Әжелер сөзі-тәрбие көзі» тақырыбында кітапхана да бірнеше жыл қызмет еткен, ардагер аналар Н.Исақұлова,мектеп тазалығын үнемі таза ұстап келген зейнеткер Пірманова Дариха апамыз, көпбалалы ана әжелер төрайымы Рәзия Сәрсенбаева аналарымызбен сыр-сұхбат

*күнтізбелік тақырыптық жоспарларында ӨҚН курсының тақырыптары I жарты жылдыққа 7-8 сағаттан жоспарланған.*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына 4-қосымшасы, 2-тарау, 1 параграф 81 тармағы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 4-қосымшасы, 4-тарау, 50 тармақты басшылыққа алып «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсы аясында алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздік негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында жүргізілді. *10-11 сыныптарда ӨҚН курсының тақырыптары күнтізбелік тақырыптық жоспарда ең соңғы бөлімде II жарты жылдыққа жоспарланған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына 127-қосымшасы Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарға арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасында 10-сыныптарда 8-бөлім «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздерінде» -12 сағатқа,11-сыныптарда 5-бөлім «Өмір қауіпсіздігінің негіздер» -16 сағатқа күнтізбелік тақырыптық жоспарға енгізілген.*

Табиғаттағы, көліктегі, ғимарат ішіндегі төтенше жағдай кезінде әркім білуге тиісті қауіпсіздік ережелерімен таныстырады, ескертіп үйретеді.

Төтенше жағдайларға байланысты Өрт,су, түрлі апаттар кезінде өзін-өзі құтқару үшін қандай әрекеттер жасау керектігін арнайы алғашқы әскери дайындық пән мұғалімі А.Әлібеков және ТЖЖ штаб орынбасары С.Жүнісовалар түсіндіру жұмыстарын үнемі жоспар бойынша жүргізіп отырады. Сонымен қоса барлық сыныптарда қосымша төтенше жағдайлар туралы сынып сағаттарында өтеді.

Әсіресе күнделікті үй тұрмысын жиі кездесетін өрт және газ туралы толыққанды түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырады.






10) **«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курстары.**

кездесу ұйымдастырылды. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады,- деп М.Әуезов айтқандай, ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау екені баршаға аян. Тіршіліктің тынысын, уақыттың жүрісін сезіндіретін, білім әлемінің сырын білетін, өзінің алдынан өткен шәкірттерінің жырын жүрекке түйген тағылым иесі ұстаздық жолымен көпке үлгі бола білген әжеміз, халықтық тәрбие жайлы да тәлім- тәрбиеге толы әңгімелерінен шыр шертті.



9) **«Өмір қауіпсіздігі негіздері» міндетті оқу курстары.**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына 2-қосымшасы, 2-тарау, 1 параграф 24 тармағы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымшасы, 2-тарау, 25 тармағы басшылыққа алып, 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. *Дүниетану пәнінің күнтізбелік тақырыптық жоспарларында ӨҚН курсының тақырыптары І жарты жылдыққа 1-3 сыныптарда 3 сағаттан, 4-сыныптарда 5 сағаттан жоспарланған.*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына 3-қосымшасы, 2-тарау, 1 параграф 48 тармағы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 3-қосымшасы, 4-тарау, 55(6) тармағы басшылыққа алып «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 15 сағаттан дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздік негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында жүргізілді. *5-9 сыныптарда дене шынықтыру пәнінің*

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда әр сыныпта

6 сағаттан сынып сағаттары есебінен, сабақтан тыс уақытта сынып

жетекшілері тақырыптары мен мерзімін көрсетіле отырып жасалған жылдық

жұмыс жоспары арқылы іске асырылды. Көшеде жүру ережелері бойынша барлық

оқушылармен жыл бойы жүргізілетін жұмыстар мектеп директорының бекіткен

іс-шара жоспары арқылы іске асады. 1-сынып оқушыларына мектепке келу,

мектептен қайту, машина жолдан, көше қиылысынан өту, бағдаршамның түстерін

ажыра білу, жол жиегінде ойнамау және ата-аналарға оқушылардың өмір

қауіпсіздігін сақтау мақсатында сабаққа баланы алып келіп, алып қайту жайында

мектеп инспекторымен бірлескен түсіндірме жұмыстары жүргізілді, барлық сынып бөлмелерінде көшеде жүру ережелерін білу мақсатында стенділер жасалған. Мектеп оқушыларының сабаққа келуі және қайтуы мезгілдеріне мектеп алдындағы машина жол бойына мұғалімдерден кесте бойынша кезекшілік ұйымдастырылған. Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері 5-8 сынып оқушыларынан «Назар аударыңыз, Бағдаршам!» тақырыбында диктант жазғызып, жолдау жүру ережелерін білу жайлы айтылды. Барлық сыныптарда «Жол және оның белгілері», «Жаяу жүргінші өтпесі» «Жол белгілерін білейік, аман-есен жүрейік», «Жаяу адам мен жолаушының міндеті», «Бағдаршам», «Адам өмірінің қауіпсіздігі», «Абайлаңыз, «Велосипедпен жүргенде» т.б. тақырыптарда сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өтті. Балалар мен жасөспірімдер арасында жол қауіпсіздігі тәртібін насихаттауға бағытталған сурет, фотолар жинақталып, буклеттер жасалды. Кітапханада «Жолда жүру ережелері» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мектеп алдындағы жүргінші жолақта арнайы ерікті кезекшілер балалардың өмірқауіпсіздігін сақтау мақсатында кезекшілік атқарады.